

**«Kazakh Tourism» ҮК» АҚ  
Қоғамдық кеңестің отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

**№ 3**

2024 жылдың «18» қазан

«Kazakh Tourism» ҮК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/81091647124?pwd=5tIm724EmuulXM7WEpuuClzXgEEeg0.1>.

**Отырысқа қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес үйымдар мен азаматтардың өкілдері:

- 1) Абрахманқызы Саида
- 2) Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
- 3) Бисембина Динара Аскarovна
- 4) Боровая Наталья Алексеевна
- 5) Калкабаев Азамат Муратбекович
- 6) Нуркебаева Асель Болатовна
- 7) Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
- 8) Оспанова Гульден Джетысовна
- 9) Салимова Вагида Вилиновна
- 10) Тикенов Еркин Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ өкілдері:

- 11) Жансаитов Рустем Акказинович

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М., Қоғамның заң департаментінің директоры.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

**Отырысқа қатысқандар:**

1) Жүйелі шараларды іске асыру департаментінің директоры Д.А. Бердібеков.

2) Басқарушы директор-брэнд және маркетинг департаментінің директоры Ш.К. Мусина.

**Күн тәртібі:**

1. «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ құрылымдық бөлімшелермен жұмыс кездесуін өткізу.

2. «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Әдеп кодексін бекіту.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ құрылымдық бөлімшелермен жұмыс кездесуін өткізу» жүйелі шараларды**

іске асыру департаментінің директоры Дәурен Айдарұлы Бердібеков сөз сөйледі және мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру аясындағы Қоғамның қызметі және туристік саладағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы айтып берді.

Тыңдау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері келесі сұрақтарды қойды:

1) Қандай аумақтар бірінші кезектегі басым туристік аумақтар болып белгіленеді?

2) Инвесторларға мемлекеттік қолдау шараларын қолдану қажеттілігі бар ма?

3) Ұлттық саябақтарды дамыту аясында қандай шаралар қабылдануда?

4) Жүйелік шараларды іске асыру жөніндегі құрылымдық бөлімше қызметінің Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінен айырмашылығы неде?

5) Жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері бар ма және қандай?

Д. А. Бердібеков сұрақтарға тиісті жауаптар берді, сондай-ақ оларды әрі қарай қарау және енгізу (мүмкіндік болған жағдайда) не тиісті мемлекеттік органдарға жолдау үшін Қоғамдық кеңестің жазбаша ұсынымдарын Қоғамның атына жіберуді ұсынды.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, Қоғамдық кеңес мүшелері дестинацияларды дамытуға қаражатты қайта бөлу, оның ішінде оларды жарнамалау, салалық КРІ қайта қарау және туристік саланы дамыту бойынша өзге де ұсынымдар бөлігінде қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ұсынымдар берді.

Содан кейін Басқарушы директор-брэнд және маркетинг департаментінің директоры Мусина Шырын Қайыргелдіқзы сөз сөйлеп, Қоғамның маркетингтік стратегия, елді және оның туристік әлеуетін ілгерілету үшін жүзеге асырылатын шаралар бөлігіндегі қызметі туралы айтып берді.

Тыңдау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері сұрақтар қойды:

1) Откізілетін іс-шаралардың нақты бюджеттерін айтыңызбы?

2) Маркетингтік стратегия өзгере ме және қандай жиілікте?

3) 2025 жылға қандай іс-шаралар жоспарланған?

Қойылған сұрақтарға Ш. К. Мусина толық жауаптар берді, іс-шаралар бюджеттері бойынша неғұрлым толық ақпаратты кейінірек жібере алатынын хабарлады және Қоғамдық кеңес мүшелеріне туристік саланы дамыту процесіне тартылған Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс кездесулерін өткізгеннен кейін оларды қарау және одан әрі тиісті мемлекеттік органдарға жолдамалар (қажет болған жағдайда) қарастыру мүмкіндігі үшін туристік саланы дамыту жөнінде ұсыныстар жасауды ұсынды.

Мәселелерден басқа, Қоғамдық кеңес мүшелері қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге «турпродукт» және «тур» ұғымдарын айқындау бөлігінде түзетулер енгізуі ұсынды.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен жұмыс кездесуін өткізу нәтижелері бойынша туристік саланы дамыту жөнінде жазбаша ұсынымдар қалыптастыру және оларды Қоғамның құзыреті шеңберінде олар бойынша тиісті шешімдерді одан әрі қарау және қабылдау үшін Қоғамға жіберу туралы шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

**«Қолдағандар» - 11**

**«Қарсы» - дауыстар жоқ**

**«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ**

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Туристік саланы дамыту бойынша жазбаша ұсынымдар енгізу және оларды «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ құзыреті шеңберінде тиісті шешімдерді одан әрі қарау және қабылдау үшін «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-та жіберу.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Әдел кодексін бекіту» Қоғамдық кеңестің хатшысы Ш. М. Бақаева Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынымдары бойынша бекітуге шығарылатын Әдел кодексінің жобасы әзірленгенін хабарлады.**

Алайда, Қоғамдық кеңес мүшесі Е.А. Тикеновтан аталған құжатты Қоғамдық кеңестің келесі отырысында бекіту және сонымен бірге Қоғамдық кеңестің 2024 жылдың екінші жартышылдығына бекітілген жұмыс жоспарына түзетулер енгізу туралы ұсыныс тұсті.

Қоғамдық кеңес мүшелерінен қарсылықтар мен ескертулер түскен жоқ. Осыған байланысты, қарау және талқылау қорытындысы бойынша мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

**«Қолдағандар» - 11**

**«Қарсы» - дауыстар жоқ**

**«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ**


Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Әдел кодексін бекітуді Қоғамдық кеңестің келесі отырысына кейінге қалдыру.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі отырысының 2024 жылғы 06 қыркүйектегі № 2 хаттамасымен бекітілген «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартышылдыққа арналған жұмыс жоспарына түзетулер енгізу бойынша ұсынымдар ұсынылсын.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер қаралды. Олар бойынша осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын шешімдер қабылданды.

**Қоғамдық кеңесінің  
Төрағасы**

 Г. Оспанова

**Қоғамдық кеңесінің  
Хатшысы**

 Ш. Бакаева